



Жамбыл облысының Жаңатас қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 781 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 наурыздағы № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2026 № 180 қаулысымен.

Жамбыл облысының Жаңатас қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының Жаңатас қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар мен Жамбыл облысының әкімдігі Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 12 қыркүйектегі
№ 781 қаулысымен
бекітілген

Жамбыл облысының Жаңатас қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары

Жаңатас қаласы – Жамбыл облысы Сарысу ауданының әкімшілік-өнеркәсіптік орталығы, облыс орталығы – Тараз қаласынан оңтүстік-шығыс бағытында 180 километр қашықтықта орналасқан, 1969 жылы

Қаратау фосфорит кендері бассейні игеріле басталғанда құрылған. 2023 жылғы 1 қаңтарға Жаңатас қаласының (бұдан әрі – қала) халық саны 25591 адамды құрады.

Қаланың негізгі минералдық-шикізат базасы фосфорит кенінің ірі кен орнымен ұсынылған, осы жерде республика фосфориттерінің 60 %-дан астам теңгерімді қоры шоғырланған. Қаратау фосфорит кендері бассейнінің аумағында 5 кен орны игерілуде (Жаңатас, Көксу, Герес, Гиммельфарбское, Көк жоң), оның ішінде 3-еуі (Жаңатас, Көк жоң, Көксу) ашық тәсілмен өндіріледі, 1-еуі (Герес) ашық тәсілмен болатын болса, 1-еуі (Гиммельфарбское) жерасты (шахта) тәсілімен, 3-еуі бойынша (Ақжар, Үшбас, Ілгерібас) барлау жұмыстары жүргізілуде.

Сарысу ауданында барланған ас тұзының екі кен орны бар: Майдагенкөл және Тұзкөл.

Қазіргі уақытта екі өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді: "Қазфосфат" ЖШС филиалы "Қаратау" ТӨК және "ЕвроХим" ЖШС.

"Қаратау" ТӨК ("Қазфосфат" ЖШС филиалы) қала құраушы кәсіпорын болып табылады, ол өнеркәсіптік өнімнің 35 %-ын өндіреді, Сарысу ауданының экономикалық белсенді халқының 12,3 %-ы (1498 жұмысшы) жұмыс істейді.

"ЕвроХим" ЖШС қызметі жергілікті фосфат шикізатын өндіруден бастап қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған дайын өнім – тиімділігі жоғары минералды тыңайтқыштарды өндіруге дейінгі толық өндірістік циклы бар химиялық кешенді салуға және пайдалануға бағытталған. Барлығы 1550 жұмыс орны құрылды.

Қалада 5 жалпы білім беретін мектеп, 8 мектепке дейінгі мекеме, 4 қосымша және 1 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы, 2 медициналық ұйым, 25 орынға арналған мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығы, 8 дәріхана, 4 кітапхана, 1 мәдени-демалыс және 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені бар.

Қаланың жұмыс күші 10172 адамды құрайды, оның ішінде жұмыспен қамтылғандар – 9778 адам, жұмыссыздар – 394 адам. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 3,9 %-ды құрады (2022 жыл).

Қалада 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы халықтың табиғи өсімі 23,7-ден 20,6-ға, туу көрсеткіші – 33,3-тен 26,8-ге, өлімі-жітім көрсеткіші 9,6-дан 6,1-ге, 1000 туылғанға есептегенде нәресте өлімі-жітімі – 12,1-ден 2,7 төмендеген. 2022 жылы ана өлімі-жітімі тіркелген жоқ.

"Жаңатас-Су Жылу" ШЖҚ КМК қаланың барлық жылу желілеріне қызмет көрсетеді. Жылу трассасының жалпы ұзындығы 44136 метр (оның ішінде магистральдық жылу желісі – 18322 метр, орамшілік жүйе – 25814 метр).

Жылу энергиясының көзі – орталық қазандық, белгіленген жылу қуаты 144 Гкал/сағ (барлық қуаты 126 Гкал/сағ, пайдаланылатын қуаты – 78 Гкал/сағ).

Проблемалық мәселелер:

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның тозуын қысқарту мақсатында (жылу желілері – 30,1 %, су құбыры желілері – 29,5 %, су бұру – 10,8 %) "Жаңатас-Су Жылу" кәсіпорнының орталық қазандығын реконструкциялау (табиғи газға ауыстыру), қаланың жаңа алқаптарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу (сумен жабдықтау, қиыршық тас жолдарын салу), кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын реконструкциялау ;

қала көшелерінің жолдарына орташа жөндеу жүргізу;

қала көшелерін абаттандыру, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу;

тұрғын үй алуға жоғары кезектілік (2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша – 1588 азамат);

тұрғын үй мәселесін жақсарту үшін тұрғын үйлерді реконструкциялау және жаңғырту;

қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында көшелерде және қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларын орнату, бейнетіркегіштермен және планшеттермен қамтамасыз ету, қаланың өрт сөндіру депосына күрделі жөндеу жүргізу, қажетті құлақтандыру құрылғыларын енгізу, басқару пункттерін, соғыс уақытында жұмыс істеу үшін паналайтын жерлерді құру;

ағаштар мен бұталар отырғызу, қаланың полигонында қоқыс сұрыптау кешенін орнату.

Қаланың экономикасын ұзақ мерзімді әртараптандыру және әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту үшін мынадай шараларды іске асыру қажет:

басталған және жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру;

халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін – жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша оқыту ұйымдарында жұмыссыздарды оқыту үшін жағдай жасау, жастар практикасын ұйымдастыру, "Бастау Бизнес" жобасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;

білім беру саласында – мектептерге күрделі жөндеу жүргізу және жаңғырту, қазандықты реконструкциялау;

білікті медициналық кадрларды тарту және медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша қосымша кешенді шаралар қабылдау;

спорт инфрақұрылымын дамыту үшін – стрит-воркаут алаңдарын орнату, "Фосфорит" стадионын күрделі жөндеу, спорттық-жаттығу алаңдарын салу.

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржы-ландыру көлемі, млн теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	-----------------	----------------------	----------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Күтілетін нәтижелер:

1.	Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 200 миллиард теңгеге дейін өсуін қамтамасыз ету (2022 жылы – 76,4 миллиард теңге).					
2.	Негізгі капиталға инвестициялар көлемін 641,3 миллиард теңгеге дейін арттыру (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша инвестициялар көлемі – 30,7 миллиард теңге (Сарысу ауданы бойынша деректер)).					
3.	Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері санын 3 мың адамға, онда жұмыс істейтіндер санын 5 мың адамға дейін жеткізу (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны – 2,1 мың бірлік, онда жұмыспен қамтылғандар – 2,9 мың адам).					
4.	Ауыл шаруашылығы өнімі көлемінің 10 %-ға өсуіне қол жеткізу (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің көлемі 29,4 миллиард теңгені құрады (Сарысу ауданы бойынша деректер)).					
5.	2027 жылға дейін 1167 жұмыс орнын құру.					
6.	3 мектепке күрделі жөндеу жүргізу, 2 мектеп қазандығын реконструкциялау және газға көшіру.					
7.	Тұрғын үй бере отырып және жергілікті бюджеттен 256,7 миллион теңгеге медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту арқылы 7 білікті медицина кадрын тарту.					
8.	Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халықтың үлесін 45 %-ға дейін жеткізу (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша – 38,5 %).					
9.	Жаңа алқаптардағы 161 жер учаскесіне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу.					
10.	Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 90 %-ға дейін жеткізу (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша – 62,6 %).					
11.	Қаланы абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізу және қала көшелерін жарықтандыруды 95 %-ға дейін жеткізу (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша – 75 %).					
12.	Бос тұрған көп қабатты тұрғын үйді реконструкциялау және 2 жеке тұрғын үй сатып алу арқылы тұрғын үй алуға кезекте тұрғандар санын 6 %-ға төмендету (2023 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша – 1588 кезекте тұрғандар).					
13.	12 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту арқылы 3 мыңға жуық тұрғынның өмір сүру сапасын жақсарту.					
14.	Атмосфералық ауаны жақсарту, ағаштар мен бұталардың жерсінуін 80 %-ға дейін қамтамасыз ету (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан бойынша – 72 %).					

1. Қалалық органы жоспарлау

1.	Жаңатас қаласының дизайн-кодын әзірлеу	маслихат шешімі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	20	ЖБ
----	--	-----------------	----------------------	---------------------------	----	----

2. Экономиканың нақты секторы

2.1. Өнеркәсіп және инвестициялар

--	--	--	--	--	--	--

2.	"Еврохим-Қаратау" ЖШС химиялық кешенінің 2-кезеңін салу (500 жұмыс орнын құру, өндірістік қуаты – жылына 1 миллион тонна)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 – 2026 жылдардағы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ӨҚМ	423000	БК
3.	"Сарысу" жел электр станциясын салу (20 жұмыс орнын құру, өндірістік қуаты – 100 МВт, 340 миллион КВт /сағат өндіру)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ЭМ	50000	БК
4.	Цемент өндіру зауытын салу (100 жұмыс орнын құру, өндірістік қуаты – жылына 400000 мың тонна)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ӨҚМ	4500	БК
5.	Кальцийлендірілген сода зауытын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ӨҚМ	161558,7	БК
6.	Газ жинақтау станциясын салу (10 жаңа жұмыс орны)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ЭМ	800	БК
2.2. Кәсіпкерлік						
7.	ШОБ дамыту:					

7.1.	Азық-түлік өнімдері супермаркетін ашу (20 жұмыс орнын құру)	пайдалануға беру актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	100	БК
7.2.	Химиялық тазалау орнын ашу (2-шағын аудан, № 8-үй, 4 жұмыс орнын құру)	пайдалануға беру актісі	2023 – 2024 жылдардағы IV тоқсаны	Жамбыл облысының әкімдігі	35	БК
7.3.	Наубайхана ашу (өндірістік қуаты – жылына 680 мың дананан, 2-шағын аудан, № 17 үй, 5 жұмыс орнын құру)	пайдалануға беру актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	65	БК
2.3. Агроөнеркәсіптік кешен						
8.	1000 тоннаға арналған көкөніс сақтау қоймасын салу (3 жұмыс орнын құру)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 – 2025 жылдардағы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	27	БК
9.	Шұжық жасау цехын ашу (3 жұмыс орнын құру, өндірістік қуаты – жылына 35000 тонна)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	27	БК
10.	Құс өсіру фабрикасын ашу (15 жұмыс орнын құру, өндірістік қуаты – жылына 800	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		БК

	мың дана к ұ с жұмыртқасы)				50	
3. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету						
11.	Білікті кадрларға мұқтаж жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша жұмыскерлерді оқыту (жыл сайын 25 адам)	Енбекминінің ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	6,3	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		6,4	
			2025 жылғы IV тоқсан		6,4	
			2026 жылғы IV тоқсан		6,5	
			2027 жылғы IV тоқсан		6,3	
12.	Жоғары және орта оқу орындарының бітірушілері үшін жастар практикасын ұйымдастыру (жыл сайын 80 адам)	Енбекминінің ақпарат	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	99,4	"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заңға сәйкес РБ-дан берілетін субвенциялар
			2024 жылғы IV тоқсан		103,8	
			2025 жылғы IV тоқсан		107,5	
			2026 жылғы IV тоқсан		111,2	
			2027 жылғы IV тоқсан		115,1	
13.	Жеке бизнесті жүргізу үшін бастапқы білім мен дағдыларды алу үшін "Бастау Бизнес" бағдарламасы шеңберінде жекелеген әлеуметтік санаттарға жататын адамдарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру	Енбекминінің ақпарат	2023 – 2027 жылдардағы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	

4. Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым

4.1. Білім беру

14.	М. Әуезов атындағы мектеп-гимназияның ғимаратын күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	83,3	ЖБ
15.	Абылай хан атындағы мектеп-лицейдің ғимаратын күрделі жөндеу және жаңғырту	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	315,9	ЖБ
16.	Абай атындағы орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеу және жаңғырту	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	257,8	ЖБ
17.	Абай атындағы орта мектептің қазандығын табиғи газға көшіру арқылы реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	60	ЖБ
18.	Қонаев атындағы орта мектептің қазандығын табиғи газға көшіру арқылы реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	60	ЖБ
4.2. Денсаулық сақтау						
19.	Тұрғын үй беру арқылы білікті медицина	ДСМ-ге ақпарат	2023 – 2027 жылдардағы			талап етілмейді

	кадрларын тарту (7 кадр)		IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		
20.	Медициналық ұйымдардың материалдық базасын нығайту үшін медициналық жабдықтарды сатып алу және орнату	қабылдау-бөлу актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	176,4	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		80,3	ЖБ

4.3. Мәдениет және спорт

21.	Тарган төселген стрит-воркут алаңдар орнату (жыл сайын 5 бірлік)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	17	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		20	
			2025 жылғы IV тоқсан		23	
			2026 жылғы IV тоқсан		25	
22.	"Фосфорит" стадионын күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	100	БК
23.	2 және 6-шағын аудандарда спорттық-жаттығу алаңдарын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
			2027 жылғы IV тоқсан		30	
24.	Орталық саябақта 5 спорт алаңын орнату	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	20	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		30	

4.4. Инфрақұрылымды дамыту

4.4.1. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым

	4 және 5-шағын аудандарды газбен	объектіні пайдалануға қабылдау актісі		Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	53,2	РБ
						ЖБ

25.	жабдықтау жүйесін салу		2023 жылғы IV тоқсан		5,9	
26.	"Строитель", "Горняк", "Фосфорит" алқаптарын сумен жабдықтау жүйесін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	388	РБ
					43,1	ЖБ
27.	"Строитель" алқабын энергиямен жабдықтау жүйесін салу		2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	50,3	РБ
					5,6	ЖБ
					28,9	РБ
28.	"Строитель" алқабын газбен жабдықтау жүйесін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі			3,2	ЖБ
29.	"Строитель" алқабында қиыршық тас жолдарын салу		2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
30.	4 және 5-шағын аудандарда қиыршық тас жолдарын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
31.	Тұрғын үй алқабында қиыршық тас жолдарын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
	5 "А" шағын ауданының газбен	объектіні пайдалануға қабылдау актісі		Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	72	РБ
						ЖБ

32.	жабдықтау жүйесін салу		2025 жылғы IV тоқсан		8	
33.	5 "А" шағын ауданының сумен жабдықтау жүйесін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	99	РБ
					11	ЖБ
34.	5 "А" шағын ауданының энергиямен жабдықтау жүйесін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі, ҰЭМ-ге ақпарат	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ҰЭМ	126	РБ
					14	ЖБ
35.	5 "А" шағын ауданының қиыршық тас жолдарын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
36.	Кәріз желілері мен тазарту құрылыс жайларын реконструкциялау (тазарту көлемін тәулігіне 9000 текше метрге дейін ұлғайту)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ӨҚМ	2 700	БК
					300	ЖБ

4.4.2. Жолдар және абаттандыру

	Көшелерді орташа жөндеу (2024 жыл – К.Байсейітова, А. Порох, И. Панфилов, Қ. Сәтбаев,		2024 жылғы IV тоқсан		57	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		57	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		67,5	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		67,5	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		195	ЖБ

37.	<p>С. Есова, Ә. Жангелдин, Ә. Қастеев; 2025 жыл – М . Мәметова, Т. Басенов, Т . Бигелдинов, Д . Нұрпейісова, Ж. Жабаев, М. Бапиұлы, Ә. Қашаубаев, Ш . Әлжанұлы; 2026 жыл – Ш . Смаханұлы, Б . Қашқынбаев, А, Оразбаев тұйық көшесі, А. Жұбанов, С. Бегалин, 16-шағын аудан, Амангелді тұйық көшесі, Кәсіподақ, Өндірістік аймақ, Строитель 1 , Строитель 2 , Строитель 3 , Строитель 4 , Строитель 5 , Строитель 6 , Цветочная, Луговая, Заречная, Садовая, Солнечная, Центральная, Фосфорит)</p>	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	195	ЖБ
-----	--	----------------------------	----------------------	---------------------------	-----	----

38.	Орталық алаңды абаттандыру (жалпы ауданы – 9392 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, субұрқақ салу, асфальт төсеу, қылқан жапырақты ағаштар отырғызу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	99,3	ЖБ
39.	Саябақтарды суару үшін техникалық сумен жабдықтау жүйесін салу (су құбырының ұзындығы – 7,4 километр)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	58	ЖБ
40.	Сарысу ауданы паспорты айналасындағы аумақты абаттандыру (ауданы – 240 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, субұрқақ салу, төсемтас төсеу, көгал	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	22	ЖБ

	төсеу және егу)					
41.	Бейбітшілік көшесіндегі мәдениет үйінің аумағын абаттандыру (ауданы – 1 5 0 0 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
42.	Бейбітшілік көшесін абаттандыру (4-шағын ауданның № 15 үйінің аумағы, ауданы – 2 5 0 0 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	38	ЖБ
	Балалар саябағы аумағын абаттандыру (ауданы – 6 7 2 0 шаршы метр, түнгі жарықтанд					

43.	ыруды, орындықтарды орнату, қылқан жапырақты ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу, балалар ойын алаңдарын салу, шағын сәулет нысандарды құру)	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	110	ЖБ
44.	Бейбітшілік және С. Мұқанов көшелерінің қиылысындағы бұрышты абаттандыру (ауданы – 330 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, қылқан жапырақты ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	10	ЖБ
45.	Ұрпақтар аллеясын абаттандыру (ауданы – 1500 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, қылқан жапырақты ағаштар	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		ЖБ

	отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)				100	
46.	"Шеин" атындағы аллеяны абаттандыру (ауданы – 8150 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, қылқан жапырақты ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	130	ЖБ
47.	"Строитель" аллеясын абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	50	ЖБ
48.	1-шағын ауданның № 31 үйінің аумағын абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		ЖБ

	егу, балалар ойын алаңын салу)				90	
49.	2-шағын ауданның № 6 үйінің ауласын абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу, балалар ойын алаңын салу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	50	ЖБ
50.	"Үш алып" аумағын абаттандыру (ауданы – 850 шаршы метр, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	30	ЖБ
51.	"Ынтымақ" монументін абаттандыру (ауданы – 200 шаршы метр, "Үш би" ескерткішін, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		ЖБ

	отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)				65	
52.	Аспандияров көшесін абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	60	ЖБ
53.	"Даңқ монументі" ескерткішінің аумағын абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	60	ЖБ
54.	Көл бөгеті аумағын және Әулие ата мен Амангелді көшелерінің қиылысындағы аумақты абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		ЖБ

	төсеу, көгал төсеу және егу)				100	
55.	Ш . Уәлиханов атындағы мектептің аумағын абаттандыру (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	60	ЖБ
56.	"Жаңарған Жаңатас" алаңын орнату (шолу алаңына баспалдақ салу, түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас төсеу, көгал төсеу және егу)	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	36	ЖБ
57.	Ш . Смаханұлы көшесі бойында демалыс аймағын орнату (түнгі жарықтандыруды, орындықтарды орнату, ағаштар отырғызу, төсемтас	орындалған жұмыстар актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		ЖБ

	төсеу, көгал төсеу және егу)			60	
	Көшеге жарық беруді ағымдағы жөндеу (2023 жыл – И . Панфилов, А. Порох, Мәди Бәпиұлы, С. Есов, Д. Нұрпейісова, Т. Басенов, Т. Бигелдинов, С. Бегалин, Ш . Әлжанұлы, Ы . Алтынсарин, В. Клочков, Ж . Бижанов, Ш . Уәлиханов көшелерінде, Ш. Датқа тұйық көшесінде; 2024 жыл – Ә. Қастеев, М . Мәметова, Ә . Қашаубаев, Б . Қашқынбаев, Кәсіподақ, Шона Смаханұлы, Ш . Уәлиханов, Жібек жолы, Әулие ата көшелерінде және 16-шағын ауданда; 2026 жыл – Ш. Датқа, Ғ. Мұратбаев,	2023 жылғы IV тоқсан		42	ЖБ
		2024 жылғы IV тоқсан		42	ЖБ
		2026 жылғы IV тоқсан		70	ЖБ
		2027 жылғы IV тоқсан			ЖБ

58.	<p>К . Байсейітова, Цветочная, Заречная, Солнечная, А. Пушкин көшелерінд е; 2027 жыл – Центральна я , Фосфоритна я, Ш . Уәлиханов, А . Оразбаева, И . Тайманұлы, Қ. Сәтбаев, С . Сейфуллин көшелерінд е)</p>	орындалған жұмыстар актісі		Жамбыл облысының әкімдігі	70
-----	--	----------------------------------	--	---------------------------------	----

4.5. Тұрғын үй						
59.	2-шағын аудандағы № 3 2 тұрғын үйді реконструкциялау (су құбыры, кәріз, жылыту желілерін, шатырды, баспалдақтарды ауыстыру, есіктер мен терезелерді орнату, қасбетті әрлеу)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	538	ЖБ
60.	12 тұрғын үйді жаңғырту (1-шағын аудан, № 16 үй – 90 пәтер, № 20 үй – 56 пәтер, № 21 үй – 56 пәтер, № 22 үй – 56 пәтер, № 24 үй – 72 пәтер; 3-шағын аудан, № 23 /1 үй – 65 пәтер, № 23/2 үй – 65 пәтер, № 26 үй – 65 пәтер, № 38 үй – 65 пәтер, № 52 үй – 90	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, ӨҚМ	409,9	

	пәтер; 5-шағын аудан, № 9 үй – 70 пәтер; 6-шағын аудан, № 15 үй – 30 пәтер, су құбыры, жылыту желілерін, шатырды ауыстыру, қасбетті әрлеу, жарықтандыру)					РБ
4.6. Қауіпсіздік және құқықтық тәртіп						
61.	Көшелер мен қоғамдық орындарға бейнебақылау камераларын орнату (2023 жыл – Әулие ата, Жібек жолы, Ш. Әлжанұлы көшелері; 2024 жыл – Бейбітшілік, С. Мұқанов, Ш. Смаханұлы, А. Сағындықов көшелері; 2025 жыл – Балалар саябағы, Орталық саябақ, "Сарысу саңлақтары"; 2026 жыл – 1, 2, 3, 4, 5, 6-шағын аудандарда)	қабылдау-бөлу актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	20	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		20	
			2025 жылғы IV тоқсан		20	
			2026 жылғы IV тоқсан		20	

62.	Полицияны бейнетіркегі штермен және планшеттер мен қамтамасыз ету (2023 жылы – бейнетіркегі штердің 10 бірлігі, планшеттердің 5 бірлігі; 2024 жылы – бейнетіркегі штердің 10 бірлігі, планшеттердің 5 бірлігі)	қабылдау-б еру актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	10	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		10	
63.	Қызметтік автокөлікте рге GPS жаһандық жүйесін орнату	қабылдау-б еру актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	5	ЖБ
			2024 жылғы IV тоқсан		5	
64.	Жедел басқару орталығын ашу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	10	ЖБ
65.	2 модульдік стационарлық полиция бекетін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	10	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		10	
66.	Өрт сөндіру депосын күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	260	ЖБ
67.	Құлақтандыру жүйесін қалалық басқару пультін енгізу – 1 жиынтық	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	6,65	ЖБ
68.	Сирена-сөйлеу				47,2	ЖБ

	құрылғыларын енгізу – 8 жиынтық	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі		
69.	Қала әкімінің қала сыртындағы қосалқы басқару пунктін құру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	800	ЖБ
70.	Азаматтық қорғау басқармасының жылжымалы пунктін сатып алу	қабылдау-беру актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	800	ЖБ
71.	Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған, соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын ұйымдардың паналайтын жерлерді құруын ұйымдастыру (шамамен 2 жерде: қала шегінде және сыртында)	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі, азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдар	1000	БК
72.	Ақаулы өрт сөндіру гидранттарын қалпына келтіру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	20	ЖБ
73.	Өрт сөндіру пирстерін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	15	ЖБ
5. Экология						
			2023 жылғы IV тоқсан		0,3	

74.	Жыл сайын кемінде 2 мың дана ағаш пен бұта отырғызу	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	0,3	ЖБ
			2025 жылғы IV тоқсан		0,3	
			2026 жылғы IV тоқсан		0,3	
			2027 жылғы IV тоқсан		0,3	
75.	Полигонда қоқыс сұрыптау кешенін орнату	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Жамбыл облысының әкімдігі	50	БК

Ескертпелер:

*– "Жамбыл электр желілері" ЖШС Сарысу аудандық электр желілерін тарату бөлімі, "Қазақтелеком" АҚ филиалы – Оңтүстік өңірлік телекоммуникациялар дирекциясының Сарысу аудандық бөлімі, "Қазпошта" АҚ Жамбыл облыстық филиалының Сарысу аудандық пошта бөлімшесі, "Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының Сарысу орталық аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК.

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі әкімдік бюджет заңнамасына сәйкес қажетті құжаттаманы ұсынған кезде тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

Қолдау тапқан жобалар бойынша қаржыландыру көлемі

Қаржыландыру көзі	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	Жиыны
РБ	930,3	225,0	72,0	-	-	1227,3
ЖБ	1650,7	1043,5	3129,2	1033,0	221,7	7078,1
БК	4565,0	212493,7	3854,0	423100,0	-	644012,7
Жиыны:	7146,0	213762,2	7055,2	424133,0	221,7	652318,1

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚ – акционерлік қоғам

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

БК – басқа көздер

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖК	– жеке кәсіпкер
ЖБ	– жергілікті бюджет
кВт	– киловатт
МВт	– мегаватт
ӨЖЖ	– өкпені жасанды желдету аппараты
ӨҚМ	– Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
РБ	– республикалық бюджет
ТӨК	– тау-кен өңдеу кешені
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ЭКГ аппараты	– электрокардиограф
ШЖҚ МКК	– шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
ШОБ	– шағын және орта бизнес
ЭМ	– Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
GPS	– Global Positioning System – жаһандық позициялау жүйесі.